**«Altyn Uya New» жеке балабақшасы**

# Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы
# «Altyn Uya New» жеке балабақшасының өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды есебі

2025-2026 жыл

**Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы**
**«Altyn Uya New» жеке балабақшасының өзін-өзі бағалау**
**құрылымы бойынша қорытынды есебі**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V «Кәсіпкерлік Кодексінің» 137 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрықтың қосымшасы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 101-НҚ бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 сәуірде № 38547 негізінде Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы, Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру үшін 2026 жылғы ақпан айының 27 күні кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы ұйымдастырылды. Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2026 оқу жылында мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2026 жылғы 27 ақпан №24 бұйрығымен өзін-өзі бағалауды жүргізетін комиссия мүшелері тағайындалды:

**Комиссия төрайымы:** А.А.Таухабаева «Altyn Uya New» жеке балабақшасының меңгерушісі.

А.Е.Есказиева «Altyn Uya New» жеке балабақшасының әдіскері-комиссия мүшесі

Д.Б.Сагинова «Altyn Uya New» жеке балабақшасының тәрбиешісі-комиссия мүшесі

Г.Б.Джумабаева «Altyn Uya New» жеке балабақшасының тәрбиешісі-комиссия мүшесі

С.М.Сулейменова «Altyn Uya New» жеке балабақшасының есепшісі-комиссия мүшесі

**Комиссия хатшысы:**

Г.К.Жасыбаева «Altyn Uya New» жеке балабақшасының тәрбиешісі- хатшы

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы «Altyn Uya New» жеке балабақшасы өзін–өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтер және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау жүргізілді.

**1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:**

**1.1.Білім беру ұйымының атауы:** Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС «Altyn Uya New» жеке балабақшасы

**Білім беру ұйымының орналасқан жері және заңды мекен-жайы:** Индекс 090010, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Көкжиек ш/а, Майқы би көшесі 35/1

**Заңды тұлғаның байланыс деректері:** (телефон, электронды пошта, web-сайт): телефон 8 (705) 390 27 41 usm2375@mail.ru

ЖШС "Altyn Uya New» web-беттері:

**Сайт:** https://altyn-uya-oral.edu.kz

**Инстаграм:**

https://www.instagram.com/altyn.uia_balapan?igsh=Mm9sdHNhbGNmNXBp

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** (басшысының ТАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер):

Таухабаева Айгул Абишевна-меңгеруші. 2026 жылғы 26 тамыздағы балабақшаның жалғыз құрылтайшысының №2 §1 бұйрығы негізінде лауазымға тағайындалған.

Байланыс телефоны: 8 (771) 785 03 22

Электрондық поштасы: usm2375@mail.ru

**Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:** Жеке кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарлама №KZ87RVK00058188, 05.06.2024жыл

Балабақша Жарғысы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС «Altyn Uya New» жеке балабақшасының 02.08.2024 жылы жалғыз құрылтайшының №1 шешімімен бекітілген.

***Қорытынды:*** *Мектепке дейінгі ұйым түрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы №503 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына» сәйкес келеді. Ұйымның ресми атауы мен мәртебесі құрылтай құжаттарында және мемлекеттік тіркеу деректерінде нақты көрсетілген.*

*Ұйымның түрін растайтын құжаттар (жарғы, мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, лицензия және ҰБДҚ мәліметтері) толық ұсынылған және қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес келеді.*

*Өзін-өзі бағалау нәтижесінде ұйым түрінің номенклатураға сәйкестігі толық расталды, сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Осы өлшемшарт бойынша* ***5 баллмен*** *бағаланды.*

**Бизнес сәйкестендіру нөмірі:** 240540024274

**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон ) :**

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық- эпидемиологиялық бақылау департаменті Орал қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызмет айналысуға ЖШС «Altyn Uya New» жеке балабақшасы 05.06.2024 жылғы № L.13.X.KZ13VWF00173748.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында қызметтің басталғаны туралы хабарламаға сәйкес, хабарламаның кіріс тіркеу нөмірі №KZ87RVK00058188, ал қабылданған күні мен уақыты 2024 жылғы 05 маусым болып табылады.

Балабақшада тәрбие-оқыту үрдісін ұйымдастыру үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес 2 топ жұмыс жасайды. Жобалық қуаты 46 бала.

Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы

№486 бұйрығына және өзгерістермен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 101-НҚ бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алып зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін толық қамтыды, жұмыс бағыттары мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындалуына нақты талдау жасады.

***Қорытынды:*** *Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес рәсімделген. Ұйымның жарғысы, мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы және өзге де құрылтай құжаттары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сай келеді. Құжаттардың өзектілігі қамтамасыз етілген және білім беру қызметін заңды негізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Құжаттар белгіленген тәртіппен жүргізіледі, олардың мазмұны мен рәсімделуі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарының талаптарына сәйкес келеді.*

*Өзін-өзі бағалау нәтижесінде аталған өлшемшарт бойынша ұйым қызметінде сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Құрылтай және рұқсат беру құжаттарының толықтығы мен заңнама талаптарына сәйкестігі расталды. Осыған байланысты өлшемшарт толық орындалды деп бағаланып,* ***5 балл қойылды.***

**1.2. Білім беру ұйымы басшысының «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі:**

Таухабаева Айгул Абишевна. Білімі-жоғары. 2010 жылы «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» АҚ «Мектепке дейінгі оқыту және білім беру» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Біліктілікті арттыру курстары:

– "BILIMGE ORLEU" үздіксіз қосымша білім беру орталығы

Еңбек өтілі-1 жыл. 2023 жылы педагог-модетор біліктілік санатын тәрбиеші лауазымы бойынша алды.

*Қорытынды: Білім беру ұйымы басшысының білімі, еңбек өтілі және кәсіби даярлығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының*

*үлгілік біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келеді. Басшыны лауазымға тағайындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен рәсімделген. Тағайындау туралы бұйрық, еңбек шарты және кадрлық құжаттар заң талаптарына сай жүргізілген.*
*Өзін-өзі бағалау барысында білім беру ұйымы басшысының атқарып отырған лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес келетіні және лауазымға тағайындау рәсімінің заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылғаны анықталды. Осы өлшемшарт бойынша сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Өлшемшарт толық орындалды 5 балл деп бағаланды.*

**1.3. Мектепке дейінгі ұйым түрінің «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы №50 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі:**

Білім беру ұйымының қызметі білім беру ұйымдарының түрлерінің номенклатурасына (ҚР БҒМ-нің 22.02.2013 ж. № 50 бұйрығы, 1 пункт Мектепке дейінгі ұйымдар 1) тармақшасы) сәйкес мектепке дейінгі ұйым түріне толық сәйкес келеді және «балабақша» санатына жатады.

Рұқсат беру құжаттары:
• Қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама 05.06.2024жыл
• Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды № L.13.X.KZ13VWF00173748.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша 46 тәрбиеленушіге есептелген.
Жұмыс режимі: бес күндік жұмыс аптасымен сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін.
2 топ жұмыс істейді: барлығында білім беру мемлекеттік тілде.

**Қорытынды: Ұйым толық сәйкес келеді - 5 балл.**

**1.4.**Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметі: Балабақшада педагогикалық ұжымның, ата-аналардың жүйелі өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін алқалы басқару нысандары жұмыс істейді. ҚР «Білім туралы» Заңының 44- бабына және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. № 385 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымын басқару тек басшы арқылы ғана емес, сонымен қатар педагогикалық, әдістемелік және қамқоршылық кеңестер сияқты алқалы органдар арқылы да жүзеге асырылады.

- **Педагогикалық кеңес:**

ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. № 272 бұйрығына «Педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі туралы үлгілік қағидаларды бекіту туралы» сәйкес ұйымдастырылды. Кеңес білім беру процесін үйлестіруді жүзеге асырады, тәрбие-білім беру

жұмысының нәтижелерін талдайды, педагогтердің біліктілігін арттыру бағыттарын айқындайды. Педагогикалық кеңестің қызметі Ереже, отырыс жоспары және хаттамалар негізінде жүргізілді. Педагогикалық кеңес отырыстарында қаралған негізгі тақырыптар: «Балабақшадағы шығармашылық орта – бала ойының еркіндігі»; «Шығармашылық – баланың еркін ойлауы мен өзіндік көзқарасының негізі»; «Ұлттық құндылықтар арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту»; «Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері»; «Ұлттық құндылықтарды білім-тәрбие үрдісінде қалыптастыру»; «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіру»;

«Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес балабақшада 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында жылдық міндетке сай 5 педагогикалық кеңестер ұйымдастырылды (кеңес жоспарларымен хаттамалары сайтқа ілінді).

**- Қамқоршылық кеңес:**

ҚР Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі ұйымдардағы Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі туралы үлгілік қағидалар» 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығына сәйкес жұмыс істейді. Кеңес ұйымдастырушылық және қаржылық мәселелерді шешуге қатысады, дамытушы ортаны қалыптастыруға атсалысады, қоғамдық бақылауды жүзеге асырады және мектепке дейінгі ұйымда балалардың қолайлы жағдайда болуына бағытталған бастамаларды қолдайды. Қамқоршылық кеңестің қызметі бекітілген Ереже, жұмыс жоспары және отырыс хаттамалары негізінде жүзеге асырылды. Есептік кезең ішінде қамқоршылық кеңес отырыстарында келесі мәселелер қаралды:

- тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыруға енгізілген өзгерістерді қарау және бекіту, соның ішінде санитарлық нормаларға сәйкес ас мәзірін жаңарту;
- қамқоршылық кеңес мүшелерін мектепке дейінгі білім беруді ваучерлік қаржыландыру жүйесімен таныстыру;
- кеңес өкілдерінің өрт қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және мектепке дейінгі ұйымның санитарлық жағдайын тексеру рейдіне қатысуы.

«Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына сәйкес бөбекжайда 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында жоспарлар құрылып, қамқоршылық кеңестер ұйымдастырылды (кеңес жоспарларымен хаттамалары сайтқа ілінді).

**- Әдістемелік кеңес:**

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуді, әдістемелік ұсынымдарды дайындауды, тәжірибе алмасуды ұйымдастыруды және педагог қызметкерлердің кәсіби дамуын қолдауды қамтамасыз етеді.

Кеңестің қызметі мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 10.08.2023 ж. № 253 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады. Әдістемелік кеңестің жұмысы - ереже, жұмыс жоспары және отырыс хаттамалары негізінде жүргізілді.

Әдістемелік кеңес отырыстары аясында келесі мәселелер қаралды:

- «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру барысын талқылау;
- әдістемелік өнімдерді әзірлеуге қатысу, әдістемелік материалдарды талдау; - сауалнама және әңгімелесу негізінде педагогтардың кәсіби қиындықтарын зерделеу;
- мектепке дейінгі ересек топ тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығын бағалау;
- білім беру үдерісіндегі анықталған қиындықтарды қарастыру және оларды түзету-дамыту жұмыстары мен ата-аналармен өзара әрекеттесу арқылы шешу жолдарын айқындау.

«Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына сәйкес балабақшада 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында жоспарлар құрылып, әдістемелік кеңестер ұйымдастырылды (кеңес жоспарларымен хаттамалары сайтқа ілінді).

**Білім халықаралық олимпиадалар мен конкурстарға қатысу) анықтау үшін тәрбиелеу-білім беру, оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және білім беру ұйымының педагогына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу.**

| № | Байқаудың тақырыбы | Тәрбиеленушінің аты-жөні | Жауапты педагог | Марапаттар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Тәуелсіздік-ел тілегі» мәнерлеп оқу сайысы | Данияркызы Медина | Д.Б.Сагинова | Алғыс хат №4849 |
| 2 | «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» | Серікұлы Алан | Таухабаева А.А. Сагинова Д.Б. | Диплом Зорын №3623 |
| 3 | «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясындағы «Адалдық дүкені» | Топ тәрбиеленушілері | Сагинова Д.Б. | Алғыс хат №6721 |
| 4 | «Бала жүрегіндегі жыр» мәнерлеп оқу байқауы | Кажгереев Рамазан | Амангарина Р.К. | Алғыс хат №3153 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» | Кажгереев Рамазан | Амангарина Р.К. Тастемирова А.Ғ. | Диплом Зорын №3636 |
| 6 | «Бояулар құпиясы-төрт мезгіл» | Қалхаман Әмина | Таухабаева А.А. | Диплом 1орын №49 |
| 7 | «Бала дауысы» ән байқауы (қауымдастық арасында) | Даниярқызы Медина | Сагинова Д.Б. | Алғыс хат |
| 8 | «Бояулар құпиясы: Жаңа жыл» | Жексенғали Мұрагер | Сагинова Д.Б. | Диплом 1орын №3801 |

- **«Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы **№190 бұйрығының** талаптарына сәйкес бөбекжайда 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында арналған жоспарлар құрылып, соған сәйкес жұмыстар ұйымдастырылды. (жұмыс жоспарлары сайтқа ілінді)

***Қорытынды: Басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді-5 балл.***

**2. Кадрлық құрамға талдау:**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақталған.*

**2.1. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі:**

**2024–2025 оқу жылында** барлығы 5 педагог: оның 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 3 тәрбиеші.

Оның ішінде жоғары білімі бар–5 педагог (100%). Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі–100% құрайды.

**2025–2026 оқу жылында** барлығы 6 педагог: оның 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 4 тәрбиеші.

Оның ішінде жоғары білімі бар–5 педагог (83%), арнаулы орта–1 педагог (17%). Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі–100% құрайды.

**2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарының** штаттық кестесі және тарификациясы мектепке дейінгі білім беру ұйымдар «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2003 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығына сәйкес қаралды. Балабақшаның ресми сайтында орналастырылды. Әдістемелік ұсынымның 1–қосымшасы негізінде кадрлық құрам бойынша берілген мәлімет штаттық кестемен және Ұлттық білім беру деректер қорындағы ақпараттармен сәйкес келеді . *(2024–2025, 2025–2026 оқу жылдар* педагогтардың білімдерін растайтын құжаттары 1-қосымшаға толтырылып, ресми интернет-ресурсына https://altyn-uya-oral.edu.kz орналастырылды.

***Қорытынды: Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі-100%-5 балл.***

**2.2.** Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі:

- *Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:*

| № | Аты-жөні, тегі | Біліктілік туралы куәліктің № | Алған санаты | Жарамды |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мартынова Елена Юрьевна | 23 желтоқсан 2021ж №3 хаттама | «Үшінші санатты басшы» | 30.12.2024ж |
| 2 | Таухабаева Айгул Абишевна | Меңгеруші ретінде еңбек өтілі жас маман (1жылға дейін) | | |

- Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру\растау туралы мәлімет: Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері қажетті кәсіби құзыреттерге ие, өздерінің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отырады, сондай-ақ зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытады. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 15-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, олар біліктілік санатын арттыру немесе растау рәсімінен кемінде бес жылда бір рет өтеді.

**2024–2025 оқу жылы** 5 педагог: оның ішінде 4 педагогтің біліктілік санаты бар 80% , оның ішінде 1- үшінші санатты басшы, педагог–модератор–3, жас 1-маман 20%.

**2025–2026 оқу жылы** 6 педагог оның ішінде 4 педагогтің біліктілік санаты бар, оның ішінде педагог–модератор–4 тәрбиеші 68%, жас 2-жас маман 32%. Аталған педагог-модератор санаты бар 4 тәрбиеші 2026 жылы педагогтердің біліктілігін бағалау тестілеуінен сәтті өтіп, тиісті шекті балл жинады. Қазіргі таңда педагогтер біліктілік санатын арттыру (педагог-сарапшы) бойынша «Ұстаз платформасында» құжаттары жинақталып комиссияға өтініш беріп,

сараптама нәтижесін күтуде. 1-қосымшаға тіркелді. Ресми интернет-ресурстарына орналастырылды.

**Педагогтердің біліктілік санаты 78% құрады**

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей ) үлесі 78% 3 баллмен бағаланды. Дәлелдеме құжаттары 1–қосымшада жалғанған.

| Жылы | Педагогтар саны | Біліктілік санаттары бар педагогтар | % | Біліктілік санаты | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Меңгерушінің білім біліктілік | Педагог-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | Жоғары | Бірінші | Екінші | Санаты жоқ/педагог |
| 2024-2025 | 5 | 4 | 80% | 1 | 0 | 0 | 3 | 0 | 0 | 0 | 1 |
| 2025-2026 | 6 | 4 | 68% | 0 | 0 | 0 | 4 | 0 | 0 | 0 | 2 |

***Қорытынды:*** *Педагогтердің біліктілік санатын арттыруы немесе растауы қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Педагогтер мен басшылық құрам белгіленген мерзімдерде аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын растайды немесе арттырады. Педагогтердің біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі, аттестаттау нәтижелері тиісті құжаттармен расталған. Өзін-өзі бағалау барысында педагогтердің біліктілік санаттарына қатысты құжаттары зерделеніп, талаптардың толық сақталғаны анықталды. Осы өлшемшарт бойынша талаптар толық орындалып,* ***4 баллмен*** *бағаланды*

**2.3**. Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесі: «Altyn Uya New» жеке балабақшасының педагогтері Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтарындағы №95 «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсын өткізу және ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығы, ҚР Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 03 қазандағы бұйрығы бойынша өзгертулермен, 2024, 2025 жылдарға бекітілген біліктілік деңгейін жоғарлату немесе растау жоспары бойынша уақытылы аттестаттаудан бес жылда бір рет өтті. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен «Педагог мәртебесі туралы» Заңға педагогтердің біліктіліктерін жоғарлату үш жылда бір реттен кем емес деген өзгерістер енгізілді. 2025 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 жылғы №175 және 28.01.2016 жылғы №95 бұйрықтарына өзгерістер енгізілген. Бөбекжайда педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыру және басқару бойынша жұмыс перспективалық жоспарға сәйкес үздіксіз жүргізіледі. Әр оқу жылының басында педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары

жасалады. Кадрлық құрамдағы өзгерістерге (жұмысқа қабылдану және жұмыстан шығу) байланысты жоспарға түзетулер енгізіледі. Жоспарды іске асыру Оқу-ағарту министрлігінің курстары: «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық ұжым біліктілікті арттыру курстарынан уақтылы өтеді – кемінде 3 жылда 1 рет. МДҰ-да курстық даярлық жоспар-кестеге сәйкес қана емес, сонымен қатар педагогтердің жеке бастамасы бойынша да жүзеге асырылады. Оқу жылдары Педагогтер саны Біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер саны Пайыздық мөлшермен (%) 2024-2025 оқу жылы 80%, 2025-2026 оқу жылы 100%. 2024–2026 оқу жылдарында педагогтердің біліктілікті арттыру курстар үлесі-90%-***4 балл.*** Дәлелдеме құжаттары әдістемелік ұсынымның 1- қосымшасына сәйкес толтырылып, тіркелді және ресми интернет-ресурста орналастырылды.

**3. Тәрбиеленушілер контингенті**

**3.1.** «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы: ЖШС «Altyn Uya New» жеке балабақшасында 2024-2026 оқу жылдарындағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының» 6, 7, 8 тармақтарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу №182 бұйрығымен бекітілген) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 22 тармақшасына сәйкес жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптары сақталған. Бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілердің контигенті туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымның 2-қосымшасына сәйкес толтырылып, тіркелді және ресми интернет-ресурста орналастырылды.

**2024-2025оқу жылы бойынша**

| № | Топтың атауы | Жас кезеңдері | Жас топтары |
|---|---|---|---|
| 1 | «Балапан» | 3 жастағы балалар | Ортаңғы |
| 2 | «Еркемай» | 4 жастағы балалар | Ересек |

**2025-2026оқу жылы бойынша**

| № | Топтың атауы | Жас кезеңдері | Жас топтары |
|---|---|---|---|
| 1 | «Балапан» | 3 жастағы балалар | Ортаңғы |
| 2 | «Еркемай» | 4 жастағы балалар | Ересек |

***Қорытынды:*** Талаптар толық сақталған-5 балл.

**3.2**. Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы:. 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшаның 25-тармағына сәйкес («Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады (бір жас тобында–1 жыл) топтарды жасақтау барысында жас кезеңдері сақтала отырып, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары негізінде тәрбие мен оқу әрекеті бірдей жастағы принцип бойынша жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктерін сақтай отырып 2топ жасақталды, әртүрлі жастағы топ болмады. ***5балл***

**Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:**
2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарында балаларды бөбекжайға қабылдау «Balabaqsha.snation» электрондық портал арқылы жүзеге асырылды. Ұлттық білім беру деректер базасынан алынған мәліметтермен сәйкес келеді.
Әдістемелік ұсынымның 2 қосымшасында берілген мәлімет бойынша

| **Оқу жылы** | **Оқу жылы басындағы балалар саны** | **Мектепке кеткен балалар саны** | **Ата-анасының жеке өтініші бойынша балабақшадан шыққан немесе ауысқан балалар саны** |
|---|---|---|---|
| **2024–2025** | 46 | 24 | 13 |
| **2025–2026** | 46 | 25 | 0 |

***Қорытынды:*** *Балабақшада балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік қағидаларына сәйкес жас топтары қалыптастырылған. Жас топтарын жинақтау барысында балалардың жас кезеңдері мен даму ерекшеліктері толық сақталады. Білім беру процесі әрбір жас тобының жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылып, нормативтік талаптарға сай жүргізіледі. Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы – 5 балл.*

**3.3.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ.**
**4.Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар:**

**4.1.**Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартының ҚР БжҒ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының ҚР БжҒ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес: 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының 1,2,3-қосымшаларға, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына қосымша 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа алып жүргізілді.

***2024-2025 оқу жылының басында әр жас ерекшелігі бойынша:***
Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – «Балапан»;
Ересек топ (4 жастағы балалар) - «Еркемай»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 2-қосымша

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**(3 жастағы балалар)

| № | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Жас тобы** |
|---|---|---|
| | | **«Балапан» ортаңғы тобы** |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| **7** | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка**** | күн сайын |

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары** (4 жастағы балалар)

| **№** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Жас тобы** |
|---|---|---|
| | | **«Еркемай» ересек тобы** |
| **1** | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| **2** | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын |
| **3** | Сауат ашу негіздері | - |
| **4** | Математика негіздері | күн сайын |
| **5** | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| **6** | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| **7** | Музыка | аптасына екі рет |
| | Музыка**** | күн сайын |

***2025-2026оқу жылының басында әр жас ерекшелігі бойынша:***

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – «Балапан»;

Ересек топ (4 жастағы балалар) - «Еркемай»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 2-қосымша

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**(3 жастағы балалар)

| **Рет №** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет*** | **Жас топтары** |
|---|---|---|
| | | **«Балапан» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар)** |
| 1 | Дене тәрбиесі | аптасына үш рет |
| | Дене тәрбиесі** | күн сайын |
| 2 | Тіл дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған әлеммен таныстыру | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка**** | күн сайын |

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**(4 жастағы балалар)

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | **«Еркемай» ересек тобы (4 жастағы балалар)** |
| 1 | Дене тәрбиесі | аптасына үш рет |
| | Дене тәрбиесі** | күн сайын |
| 2 | Тіл дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған әлеммен таныстыру | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | аптасына екі рет |
| | Музыка**** | күн сайын |

*Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (ҮОЖ), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (ҮОБ) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.*

*Оқу-тәрбие процесі бекітілген перспективалық жоспар, циклограмма және ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылған. Барлық жоспарлау құжаттары МЖМБС, ҮОЖ және ҮОБ талаптарына сай әзірленген және орындалады.*

*Өзін-өзі бағалау нәтижесінде тәрбиелеу-білім беру процесінің жоспарлануы мен іске асырылуы нормативтік талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша* ***5 балл*** *қойылды.*

**4.2.Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі:** Талдау жасалып отырған

кезеңдегі 2024-2026 оқу жылдары күн тәртібі барлық қажетті режимдік сәттердің: балаларды қабылдау, ойындар, таңертеңгі гимнастика, ұйымдастырылған іс-әрекет, тамақтану, серуендер, тәрбиеленушілердің өзіндік іс-әрекеті және ата-аналармен жұмыс енгізілгенін көрсетеді. Мұндай тәсіл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру процесін сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Күн тәртібі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 1-қосымшасының 4-тармағының 1) және 4) тармақшаларына, сондайақ 13, 15 және 17-тармақтарына сәйкес келеді және жыл сайын жасалады.

***«Altyn Uya New» жеке балабақшасының 2024-2026 оқу жылдарына арналған КҮН ТӘРТІБІНІҢ кестесі***

| Режимдік сәттер | Ортаңғы | Ересек |
|---|---|---|
| Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар | 08.00 - 08.30 | 08.00 - 08.30 |
| Таңғы асқа дайындық, таңғы ас | 08.30 - 08.50 | 08.30 - 08.50 |
| Дербес әрекет, ҰІӘ дайындық | 08.50 – 09.10 | 08.50 - 09.10 |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттері (үзілістерді қоса алғанда) | 09.10 – 10.20 | 09.10 -10.40 |
| Серуенге дайындық, серуен | 10.00 – 12.10 | 10.40 - 12.10 |
| Серуеннен оралу | 12.10 – 12.30 | 12.10 -12.30 |
| Түскі асқа дайындық, түскі ас | 12.30 – 13.00 | 12.30 - 13.00 |
| Ұйқыға дайындық, ұйқы | 13.00 – 15.10 | 13.00 - 15.10 |
| Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары | 15.10 – 15.30 | 15.10 - 15.30 |
| Бесін ас уақыты | 15.30 – 16.00 | 15.30 -15.50 |
| Ойындар, дербес әрекет | 16.00 – 16.40 | 15.50 -16.30 |
| Серуенге дайындық, серуен | 16.40 – 17.30 | 16.30 -17.40 |
| Серуеннен оралу | 17.30 – 17.50 | 17.40 - 17.50 |
| Балалардың үйге қайтуы | 17.50 – 18.00 | 17.50 - 18.00 |

2024-2026 оқу жылдары 2012 жылғы 20 желтоқсандағы ҚР білім және ғылым министрінің №557 бұйрығына 1-қосымшасы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша «ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. Тәрбиеленушілер қызметінің түрін өзгертуді қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің тұрақты тепе-теңдігі сақталып, құрылған. Кіші, ортаңғы, ересек топтарында аптасына дене шынықтыру-үш рет; кіші, ортаңғы топтарда музыка-бір рет аптасына, ересек топтарында -екі рет, қазақ тілі ортаңғы және ересек топтарында аптасына бір-рет, ұйымдастырылды, (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сурет, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, дене шынықтыру**, қазақ тілі***, музыка****) іс–әрекеттері

кіріктірілген түрде күн сайын ойын түрінде жүргізілді. Мектепалды тобында үлгілі оқу жоспары бойынша апталық нормативтік жүктеме 20 сағат қамтылды және қарым-қатынас, танымдық, зерттеу, шығармашылық және бейнелеу ісәрекеттері ойын түрінде жүргізілді. Бағаланған оқу жылдарында құрастырылған және бекітілген ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері, перспективалық жоспарларымен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалары жасақталып оқу қызметінің кестелері талапқа сай құрылды.

***Қорытынды:*** *Күн тәртібінің сақталуы қамтамасыз етілген; балалар қызметінің барлық түрлері толық жүзеге асырылды- 5 балл.*

**4.3. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы:**

Әр топта тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылды. Дамытушы ортаны құруда **қойылатын жалпы талаптар:** қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, тартымды болуы басты назарда болды.

**-Ортаңғы топтарда:**

Ұлттық құндылықтар ортасында киіз үй жабдықтарымен;

Дамытушы ойыншықтар: «Настенька» балаларға арналған ыдыстар жиыны, Ағаштан жасалған түрлі жиындар: Көліктер, балықтар, жануарлар, көкөністер мен жемістер, жол ережесі; пирамидалар;

Құрастыру ортасы: құрастыруға арналған жинақтар, «Юниор» конструтор жиыны, «Арыстан патшасы», «Трансформерлер әлемі», «Поезд роботтар», «Динозаврлар», «Ертегілер», «Қызыл телпекпен қасқыр портреті», «Көңілді көлік» пазлдар жиындары, үстел үсті ойындары, лото, домино, шашкалар, әртүрлі конструкторлар, текшелер, құрылыс материалдары.

Шығармашылық ортасы: сурет салу, мүсіндеу, жапсыруға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындар, трафареттер, үлгі жұмыстар, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар.

Театрландырылған ойындар: қуыршақ пердесі, театрға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, саусақ театр қуыршақтары, маскалар, кейіпкерлер костюмдері;

Табиғат және ғылым ортасы: танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, макеттер, карталар, модельдер, көкөніс пен жемістер муляждары.

**-Ересек топтарында:**

Ұлттық құндылықтар ортасы – киіз үй жабдығымен, отбасы мүшелерінің макеті, Сәукеле мен дулыға; Гольф ойынының қазақша нұсқасы; Асық, Бестемше ойындары;

Құрастыру және робототехника ортасы: Лего ойын жиынтығы (үстел,

отырғыштары, қабырғаға орнатылған роботтар мен ойындар, көзге әдейі көзілдірігі) дамытушы модульдер, суретті доминолар, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар,
<u>Табиғат жыне ғылым ортасы:</u> табиғат бұрыштары, тәжірибелік алаң бойынша жоба орталары
«Құм патшалығы», Қалдық затқа жаңа өмір силайық», «Зерттеу әлемінің қызықтары», «Бөлме өсімдіктері – қоршаған ортаның маңызды бөлшегі», «Настенька» балаларға арналған ыдыстар жиыны, макеттер, карталар, модельдер, муляждар.
<u>Денсаулық бұрышы:</u> баскетбол, волейбол доптары, теннис ойыны жиыны, скакалкалар, кеглдер, доғалар, әдеттен тыс құралдар.
<u>Мамандықтар ортасы:</u> «Мен болашақта кім боламын» (шаштараз, аспазшы, өрт сөндіруші, дәрігер, мұғалім, полиция, дүкенші – костюмдері мен атрибуттары),
<u>Демалыс ортасы:</u> «Қуыршақтар үйі».
<u>Кітап ортасы:</u> «Кел, кітап оқиық балақай», «Кітаппен бірге, мәңгілік елге», кітаптармен QR көмегімен танысуға болады.

Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырып отырамыз.

***Қорытынды:*** *Дамытушы ортаның құрылуы талаптарға толық сәйкес келеді- 5 балл.*

### 4.4 ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы

*2024-2026 оқу жылында ерекше білімді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ.*

### 4.5.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау:

Тәрбиеленушілердің бастапқы даму мониторингінің нәтижесі: 2024-2025, 2025-2026 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалайтын индикаторы «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінде қаралып, (2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамасы) шешіміне сәйкес ұсынылған Әдістемелік ұсыным негізінде жасалды. 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында топтардың бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтері жүргізілді.

**Жиынтық есеп**
**Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша «Altyn Uya New» жеке балабақшасы 2024-2025жж**

| Жас ерекшелік топтары | Балалар саны | Физикалық қасиеттерді дамыту | | | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | | | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | | | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | | | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | | | БАРЛЫҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оларды ң ішінде жоғары деңгей | оларды ң ішінде орташа деңгей | оларды ң ішінде төмен деңгей | оларды ң ішінде жоғары деңгей | оларды ң ішінде орташа деңгей | оларды ң ішінде төмен деңгей | оларды ң ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | оларды ң ішінде төмен деңгей | оларды ң ішінде жоғары деңгей | оларды ң ішінде орташа деңгей | оларды ң ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | оларды ң ішінде орташа деңгей | оларды ң ішінде төмен деңгей | оларды ң ішінде жоғары деңгей | % | оларды ң ішінде орташа деңгей | % | оларды ң ішінде төмен деңгей | % |
| Ортаңғы топ | **22** | 4 | 13 | 5 | 7 | 16 | 11 | 3 | 13 | 6 | 13 | 66 | 31 | 2 | 11 | 9 | 5,8 | 26,364 | 23,8 | 108,18 | 12,4 | 56,364 |
| Ересек топ | **24** | 21 | 2 | 1 | 53 | 13 | 6 | 19 | 4 | 1 | 94 | 20 | 6 | 19 | 4 | 1 | 41,2 | 171,67 | 8,6 | 35,833 | 3 | 12,5 |
| **Барлығы** | **46** | **25** | **15** | **6** | **60** | **29** | **17** | **22** | **17** | **7** | **107** | **86** | **37** | **21** | **15** | **10** | | | | | | |
| **%** | **100** | 54 | 33 | 13 | 130 | 63 | 37 | 48 | 37 | 15 | 233 | 187 | 80 | 46 | 33 | 22 | | | | | | |

## Жиынтық есеп
## Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының аралық бақылау нәтижелері бойынша «Altyn Uya New» жеке балабақшасы 2024-2025жж

| Жас ерекшелік топтары | Балалар саны | Физикалық қасиеттерді дамыту | | | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | | | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | | | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | | | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | | | БАРЛЫҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | % | олардың ішінде орташа деңгей | % | олардың ішінде төмен деңгей | % |
| Ортаңғы топ | **22** | 10 | 10 | 2 | 23 | 36 | 7 | 10 | 10 | 2 | 46 | 58 | 9 | 8 | 12 | 2 | 19,4 | 88,182 | 25,2 | 114,55 | 4,4 | 20 |
| Ересек топ | **24** | 20 | 3 | 1 | 49 | 17 | 6 | 16 | 6 | 1 | 85 | 25 | 10 | 20 | 3 | 1 | 38 | 158,33 | 10,8 | 45 | 3,8 | 15,8333 |
| **Барлығы** | **46** | **30** | **13** | **3** | **72** | **53** | **13** | **26** | **16** | **3** | **131** | **83** | **19** | **28** | **15** | **3** | | | | | | |
| **%** | **100** | 65 | 28 | 7 | 157 | 115 | 28 | 57 | 35 | 7 | 285 | 180 | 41 | 61 | 33 | 7 | | | | | | |

## Жиынтық есеп
## Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының аралық қорытынды нәтижелері бойынша «Altyn Uya New» жеке балабақшасы 2024-2025жж

| Жас ерекшелік топтары | Балалар саны | Физикалық қасиеттерді дамыту | | | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | | | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | | | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | | | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | | | БАРЛЫҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
